

Тасымалды құралдарға арналған өндіруші кепілдігі

(01.09.2024 бойынша)

Барлық Bosch тасымалды құралдары мұқият сынақтан өткізіліп, тексеріледі және Bosch сапаны қамтамасыз ету қызметінің қатал бақылауынан өтеді. Сондықтан Robert Bosch Power Tools GmbH, Max-Lang-Straße 40-46, 70771 Leinfelden-Echterdingen (әрі қарай «**Bosch**» немесе «**біз**») компаниясы Bosch тасымалды құралдарына (әрі қарай «**құрал**») кепілдік береді. Бұл, төмендегі шарттар орындалған жағдайда, қаптамада төменде көрсетілген логотиптердің бірімен таңбаланған.



- Алғашарт: құралды сатып алғаннан кейін төрт апта ішінде веб-сайтта тіркеу керек:
үйде жұмыс істейтін шеберге арналған құрал үшін www.bosch-diy.com/mybosch немесе кәсіпқойларға арналған құрал үшін www.bosch-professional.com/pro360.
Тіркеу аяқталғанда, кепілдік шарттарына қоса кепілдік бойынша келісімнің жасалғанын растайтын кепілдік сертификаты да жүктеп алуға дайын болады. Кепілдік сертификаты құрал иесінде бүкіл кепілдік мерзімі бойынша сақталуы керек.
- Біз, құралда материалдың немесе жасап шығару кемістігіне байланысты дәлелденуі мүмкін ақаулар бар болған жағдайда, төмендегі ережелерге сәйкес тіркелген құралдарға кепілдік береміз. Бұл кепілдік өндірушінің ерікті кепілдігі болып табылады. Онда тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңда (соның ішінде талаптарға сәйкес келмейтін тауарларға қатысты құқықтар, бірақ бұлармен шектелмейді) белгіленген құқықтардан дербес құқықтар ұсынылады. Бұл өндіруші кепілдігінде берілген артықшылықтар тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңда берілген құқықтарды толықтырады, бірақ алмастырмайды. Бұл кепілдікте тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңда берілген құқықтар, атап айтқанда, өнімнің келісімшарт ережелеріне сәйкес келмеуіне қатысты құқықтар жоққа шығарылмайды, шектелмейді немесе тоқтатылмайды. Тұтынушыларда осы өндіруші кепілдігіне немесе тұтынушылардың құқықтарын қорғау заңында берілген құқықтарға, атап айтқанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау заңында қарастырылғандай, өнімнің келісімшарт ережелеріне сәйкес келмеуіне байланысты қызмет көрсетуді талап етуге құқығы бар. Бұл кепілдікте заңда белгіленген құқықтарды толтырады және онда осындай құқықтар ешқандай жағдайда жоққа шығарылмайды немесе шектелмейді. Осы өндіруші кепілдігінің шарттары тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң негізінде қойылатын талаптарға қолданылмайды. Бұл өндіруші кепілдігі бойынша барлық талап осы кепілдік құжатында көрсетілген шарттармен және ережелермен реттеледі.
- Кепілдік мерзімі құралды жоғарыда аталған веб-сайтта тіркеуден басталады. Кепілдік тек тиісті өнімнің кепілдік логотипінде көрсетілген мерзім бойынша жарамды.
- Кепілдік төмендегілерге қолданылмайды:
 - керек-жарақтар (мысалы, биттер, саптамалар, ұшықтар, ара төсемдері, сұққыш өзектері, адаптерлер және т.б.);
 - сақтау және тасымалдау шешімдері, мысалы, қаптар, шабадандар, L-BOXX және ендірмелер;
 - эксплуатациялық немесе басқа түрдегі табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер және эксплуатациялық немесе басқа түрдегі табиғи тозудан пайда болатын ақаулар;
 - пайдалану бойынша нұсқауларды орындамау, дұрыс пайдаланбау, қалыпты емес қоршаған орта шарттары, қате пайдалану шарттары, артық жүктеме немесе техникалық қызмет немесе күтім көрсетпеу салдарынан туындаған ақаулар;
 - Bosch түпнұсқа бөлшектері болып табылмайтын керек-жарақтар, кеңейтімдер немесе қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған ақаулар;
 - өзгерістер немесе кеңейтімдер енгізілген құралдар және толықтай немесе ішінара бөлшектенген құралдар; және
 - құралдың құндылығы мен пайдалануға қолайлылығына қатысы жоқ мақсатты қалыптан азғантай ауытқулар.
- Кепілдік бойынша кінәрат-талапты кепілдік мерзімінің барысында білдіру керек. Ол үшін тиісті бөлшектенбеген құралды сатып алу күні және өнім атауы көрсетілген кепілдік сертификатының және тауар чегінің көшірмелерімен бірге сатушыға немесе біздің қызмет көрсету орталықтарының біріне апару немесе жіберу керек. Құралды сатушыға немесе қызмет көрсету орталығына өз бетінше жіберсеңіз, тасымалдау шығынын және тәуекелін өз мойнына аласыз.
- Кепілдікке жататын деп анықталған ақауды жою үшін біз ақаулы құралды өз қалауымызша ақысыз жөндеуіміз немесе оны ақаусыз құралға алмастырамыз (кейінгі модельге де ауыстыруымыз мүмкін). Алмастырылған құралдар немесе бөлшектер жеке меншігімізге айналады.
- Кепілдігіміз осы кепілдік шарттарында аталған құралдағы ақауды жою құқығынан басқа ешқандай кінәрат-талаптарды дәлелдемейді. Атап айтқанда, жөндеу кезінде қосалқы құралды алуға құқығыңыз жоқ.
- Кепілдік бойынша қызмет көрсетілген жағдайда, құралдың кепілдік мерзімі ұзартылмайды және қайта басталмайды.
- Осы кепілдіктегі кінәрат-талаптан қайту мүмкін емес. Бұл кепілдік бұрын қолданыста болып сатып алынған өнімдер үшін жарамды емес.
- Бұл кепілдік мына кепілдік тіркеу порталдарындағы елдер тізімінде келтірілген елде сатып алынған және пайдаланылатын құралдар үшін жарамды: Bosch Professionals үшін www.bosch-professional.com/pro360 және Bosch DIY үшін www.bosch-diy.com/mybosch.
- Аталмыш кепілдік, халықаралық сатып алу-сату келісімдері туралы БҰҰ конвенциясын (CISG) қоспағанда, Германияның заңнамасына бағынады. Мұндай құқықтың таңдалуы кепілдік бойынша сіз тұратын елдің заңнамасынан шегіну мүмкін болмайтын қаулылар бойынша ұсынылатын қорғаныстан айырылуыңызды білдірмейді (қолайлы жағдай қағидаты).

Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
Germany